

## **Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің техникалық көмек замын пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 17

Қазақстан Республикасына берілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің техникалық көмек замы қаржысын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкі арасындағы 1993 жылғы 15 қазандағы 38 млн. АҚШ доллары сомасына N 3642 KZ техникалық көмек замы жөніндегі келісімнің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінде бекітілгені еске алынсын.

2. Осы заем қаржысының қосымшаға сәйкес бағыттар бойынша пайдалануға бөлінгені бекітілсін. Техникалық көмек замы қаржысының түсуі мен пайдаланылуы республикалық бюджет арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Бөлінетін қаржыларды нысаналы әрі тиімді пайдалану жауапкершілігі Техникалық көмек замы шегінде мұқтажына валюталық қаржы бөлінген Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының бірінші басшыларына жүктелсін.

3. Заем қаржысын алушы министрліктер мен ведомстволар экономикалық ахуалдың өзгеруін ескеріп, оны пайдаланудың нақтылы бағыттары бойынша міндеттерін анықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- осы заемды өтеу кестесіне сәйкес 1994 жылдан бастап жыл сайынғы бюджет жобаларында процент төлеміне, ал 1999 жылдан бастап проценттерді және негізгі қарызды өтеуге қажетті қаржы көздесін;

- 1994 жылдан бастап жыл сайын бюджет жобаларында осы заем қаржысының пайдаланылуын тексеру жөніндегі халықаралық тәуелсіз аудиторлық фирма қызметіне төлем жасауға арналған тиісті қаржы бөлуді көздесін;

- 1994 жылдан бастап жыл сайын министрліктер мен ведомстволар үшін республикалық бюджетте тиісті қаржы көздесін.

5. Техникалық көмек замын пайдалануға қатысушы министрліктер мен ведомстволар есеп берілетін айдан кейінгі келесі айдың 10-на дейінгі мерзімде заем қаржысын пайдалану барысы туралы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттікке тоқсандық есеп беріп отырсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік:

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заем бөлігін пайдаланудың барысы туралы мемлекеттің сыртқы қарызының жиынтық есебі үшін ақпарат беріп отырсын;

- заем қаржысының пайдалану есебін жүзеге асырсын, сондай-ақ

осы мәселе бойынша Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкіне есеп беріп отырсын.

7. Осы заем шеңберінде сатып алынатын тауарлар мен қызметтер Халықаралық қайта жаңарту және даму банкінің ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі. Сатып алу рәсімдерін сақтауды бақылау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттікке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 4 қаңтардағы  
N 17 қаулысына  
Қосымша

<\*>

Ескерту. Қосымшаның күші жойылған - ҚРҰ-нің 1995.10.13.  
N 1329 қаулысымен.